

Темір аудандық мәслихатының "2022–2024 жылдарға арналған Қайыңды ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 153 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2022 жылғы 21 маусымдағы № 211 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Темір аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Темір аудандық мәслихатының "2022–2024 жылдарға арналған Қайыңды ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 153 шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

3–тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының "2022–2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 9-бабына сәйкес белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын:

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең төмен мөлшері – 60 000 теңге;
- 2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері – 19 450 теңге;
- 3) зейнетақының ең төмен мөлшері – 46 302 теңге;

4) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 3 063 теңге;

5) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 36 018 теңге;

2022 жылғы 1 сәуірден бастап:

- 1) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері – 20 191 теңге;
- 2) зейнетақының ең төмен мөлшері – 48 032 теңге;

3) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін айлық есептік көрсеткіш – 3 180 теңге;

4) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 37 389 теңге."

2. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК